

**Зеленов ауданы Первосовет ауылдық округінің Первосовет ауылына карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдінің 2011 жылғы 11 ақпандағы N 51 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 наурызда N 7-7-125 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 168 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2011.04.15 N 168 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 18 тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасын басшылыққа алып және Зеленов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылғы 11 қаңтардағы N 1-11-03 ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Зеленов ауданы Первосовет ауылдық округінің Первосовет ауылына иттер арасынан құтыру ауруы анықталуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. **И б р а г и м о в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Ғ. Қапақов*